

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 05 сәуір 2023 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ Қоғамның Директорлар кеңесінің «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-мен облигациялар шығару туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды

Осымен «ҚазТрансОйл» АҚ 2023 жылғы 3 сәуірде «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесімен «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-мен облигацияларын келесі шарттарда шығару туралы шешім қабылдағанын хабарлайды:

1) **облигациялар шығару тәртібі** - облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізу;

2) **облигацияларды орналастыру тәртібі** - облигациялар жеке орналастыруға жатады;

3) **облигациялардың айналым тәртібі** - эмитенттің облигациялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізілген күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кейін.

4) **облигациялардың айналым мерзімі** - негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезеңнің 2 (екі) жылын қоса алғанда, облигациялар айналымы басталған күннен бастап 10 (он) жыл;

5) **облигацияларды өтеу тәртібі** – облигацияларды өтеу облигацияларды өтеу күнінің алдындағы күнге облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркеуші тіркеген облигацияларды ұстаушылардың шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады;

6) **эмитенттің Облигацияларды орналастыру нәтижесінде алған қаражатын пайдалану** – «Астрахань-Маңғышлақ 1- кезек» магистральдық су ағызғысын реконструкциялау және кеңейту» жобасын қаржыландыру;

7) **шығару көлемі** - 50 000 000 000 (елу миллиард) теңге;

8) **облигациялар саны** - 50 000 000 (елу миллион) дана;

9) **облигациялардың түрі** - купондық, қамтамасыз етусіз;

10) **облигациялардың номиналды құны** - 1 000 (бір мың) теңге;

11) **облигациялар бойынша сыйақы** - жылдық 0,5%, әр күнтізбелік жылда жылына екі рет (01 сәуір және 01 қазан) төленеді;

12) **әрбір облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтары:**

жеке меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы;

облигациялар бойынша жеке меморандумда көзделген мерзімдерде және мөлшерде олардың номиналды құнының тіркелген пайызын алу құқығы;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;

облигацияларды еркін иеліктен шығару және басқаша билік ету құқығы;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты алу құқығы;

облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Инвесторлармен байланыс қызметі**